

БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТ ТОҒЫСҚАН БІЛІМ ҰЯСЫ

Еліміздегі білім саласының дамуына М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі «Педагогика және мәдениет» факультеті өз үлесін қосып келеді.

Факультеттің материалдық-техникалық базасын жасады, оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастырумен қатар институтқа оқытушылық жұмысқа келген жас мамандарды тәрбиелеуге аса көп көңіл бөлінуде. Сонымен қатар жастардың арасында адамгершілік пен бірін-бірі сыйлаушылық принциптерін берік ұстанған ұйымшыл ұжым қалыптасты. Ұстаздар мен түлектер арасынан Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткерлері мен әртістер, Халықаралық және республикалық өнер конкурстарының, фестивальдардың лауреаттары мен дипломанттары шықты.

Білім ордасында оқу ісін ұйымдастыру, студент-жастарды тәрбиелеу, кәсіби деңгейі жоғары мамандар таңдау, факультеттің материалдық-техникалық базасын нығайту, ғылыми-ізденіс жұмыстарын жолға қою, жаңа мамандықтар ашу сияқты көптеген шешімі күрделі жұмыстарды атқаруда факультетті ар жылдары қызметіне жетік, білікті ұстаздар басқарып.

Факультеттің құрамында жоғары білікті мамандар қызмет етсе де, кафедра бар. Факультеттің ғылыми потенциалы жастары деңгейде кафедраларда ғылыми докторлары мен ғылым кандидаттары, сондай-ақ магистр мамандар оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді. Атап айтқанда, 182 оқытушының 2-і - академик, 11-і - ғылым докторы, 12-сі - профессор, 51-і - ғылым кандидаттары мен доценттер, 15-і - магистр, 4-еуі - халық әртістері, 10-ы - ҚР үздік қызметкерлері, 25-і - халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары, 9-ы - ҚР білім беру ісінң ұлты.

Факультет түлектері Қазақстанның барлық аймақтарымен қоса, жақын және алыс шет мемлекеттерде еңбек етуде. Көптеген профессор-оқытушылар - Халықаралық және республикалық байқаулардың жүлдегерлері, ҚР «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегерлері, «ҚР мәдениет қайраткері» атағының иегерлері. Қазіргі таңда «Педагогика және мәдениет» факультетінде 16 мамандық бойынша бакалаврлар, 12 мамандық бойынша ғылым магистрлері даярлануда. Атап айтқанда, Тарих, Тарих-гуманитарлық, Археология және этнология, Әлеуметтік жұмыс, Мәдени-тынығу жұмысы, Музыкалық білім, Аспапта орындау, Хореография, Режиссура, Кітапхана ісі және библиография, Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау, Кескіндеме, Дизайн, Сәндік өнер, Бейнелеу өнері және сызу.

Ағымдағы 2015-2016 оқу жылында университеттің ҒЭЖ жоспарындағы 10 тақырып бойынша ғылыми жұмыстар орындалды. «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессор-оқытушы құрамы 2014-2015 оқу жылында «Оңтүстік Қазақстан облысының жастары арасында этникалық бірегейліктің дамуын зерттеу» (жоба жетекшісі т.ғ.к., доцент С.Карибаев) және «Оңтүстік Қазақстан облысының полиэтникалық ауылдық аудандарындағы өзара іс-қимыл факторларын зерттеу және тұрғындардың ішкі бірлігін нығайту үлгілерін жасау» (жоба жетекшісі т.ғ.к., доцент С.Жүнісбаев) тақырыбында екі гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын жеңіп алды, сондай-ақ «Жалпы тарих, археология және география» кафедрасының доценті, т.ғ.к. А.Қ.Авизова «Қаңлы мемлекеті кезеңіндегі Отырар оазисі, Пышақшөте, Бесіншітөбе және Алтынтөбе некрополи археологиялық ескерткіштерін кешенді зерттеу» тақырыбында ғылыми жобасымен зерттеу жұмыстарын жүргізуді бастады.

Мұндай келеді істер бұдан былай да өз жалғасын таба беретін болады.

Оқу орнында археологиялық ғылыми-зерттеу институты қызмет етуде. Ақпараттық білім беру орталығының Ресурстар орталығы заман талабына сай компьютерлік техникамен толықтай жабдықталған, кітапханалық оқу залы көп мөлшердегі кітап қорымен ерекшелінеді, барлық білім салалары бойынша мерзімдік басылымдармен қамтамасыз етіліп, арнайы ғылыми, ғылыми-көпшілік, әдеби-жәркем газет-журналдарды атрақты жаздырып алады. Сондай-ақ факультетте тәрбие жұмысы да тиісті деңгейде жүргізіледі, студенттер қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Шәкірттер тек ойыс емес, республика деңгейінде өткізіліп жүрген бәсекелерде топ жарып, арнаулы жетекшілерге жетіп жүр. Атап айтсақ, «Өнер» кафедрасының студенттері Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы академияда өткен пәндік олимпиадада жүлделі 2-орынға ие болды. Қатынасқан студенттер: Ш.Бейсенов, Ж.Мұсабеков, М.Әмірхан, Ф.Әбді, жетекшісі - Б.Б.Тоғбаев. Сонымен қатар Ақтөбе қаласында жастар арасында өткен «Өнер жастары» атты республикалық фестивалге қатысқан 510-1000 «Режиссура» мамандығы «Тәркен» іс-шарасының студенттері «классикалық үлгідегі өзінше актер» номинациясымен марапатталды. Жетекшісі - аға оқытушы В.А.Жолдасов.

«Хореография» мамандығы бойынша Алматы қаласында өткен «Финстолоне», «Дельфилік билер» атты байқауларда 1-орын иегерлері атанды.

«Мәдени-тынығу және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының Н.Өшірбай, Ә.Нұралиева сынды студенттері облыстық «Бозбала мен бойжеткен» байқауында бас жүлде иегерлері атанды. Пәндік олимпиадада бірінші орын иеленді.

Жас ұрпақ - ертеңгі елдің айнасы. Білім берудің жаңалықтарын қабылдай отырып, озық тәжірибесімен байыта түсетін факультет студенттері үнемі алдыңғы қатардан көрінеді.

Елбасы бес институционалдық реформаны жүзеге асыру үшін «100 нақты қадам» белгілеп берді. Ол «100 нақты қадам» елімізге «2050 - Стратегиясын» жүзеге асырумен Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын берік негіз қорын жасап береді деп көрсетті.

Білім беру жүйесінің алдындағы басты міндет - бәсекеге қабілетті мамандар даярлау және аталған саладың әлеуетін арттыру. Бұл ретте факультет ұжымының болашақ педагогика, мәдениет, өнер қызметкерлерінің түлеп ұшуларына зор септігін тиізері сөзсіз. Мамандықтарды жетік меңгерген болашақ ұстаздар ауыл мектептері, мәдениет, өнер орындары үшін өте қажет. «Педагогика және мәдениет» факультетінің ұжымы қоғамдық мақсат-мүдде білгінен көрінуге барынша күш салуда.

Ұлы Абай «Сен де бір кірпіні дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан» деген. Қалаған мамандықтың иесі болып, білікті маман ретінде еңбек етіп, егемен еліміздің өспір-өркендеуіне үлес қою - әрбір азаматтың, оның ішінде жас буын өкілдерінің парызы.

**Д.БАЛЫСБАЕВ, «Педагогика және мәдениет» факультеті деканының орынбасары,
Б.БОТАЕВ, «Өнер» кафедрасының аға оқытушысы**